

Р.А. Токатов\*, Н.К. Оралбаев

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(E-mail: tokatov77@mail.ru, tgp1978@mail.ru)*

## **Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіндегі заң техникасы ережелерінің сақталуы туралы**

Зерттеу мақсаты — азаматтық заңнама ережелерін қалыптастыру мен әрекет етуінде заң техникасы ережелерін сақтаудың маңыздылығын көрсетіп, шешу жолдарын ұсыну болып табылады. Зерттеу әдістері ретінде ғылыми-теориялық, нормативтік-құқықтық актілердегі, мемлекеттік бағдарламадағы құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығына қатысты талдау, топтау, жалпылау, жүйелеу, салыстыру, индукция және дедукция қолданылды. Қол жеткізген нәтиже негізінде қазақ тілінің беделін көтеру мақсатында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында заң қабылдау тәжірибесінде орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген ережені алып тастау керек деген ұсыныс жасалған. Сонымен қатар біріздендірілген заңдық терминологиялық сөздік енгізу ұсынылды. Сөздік арқылы заң саласындағы арнаулы анықтамалардың, ережелердің мағынасын, аудармасының түп нұсқасындағы мазмұнын көреміз. Терминологиялық сөздікте біздің заңдық актілерде көрсетілген негізгі терминдер қазақша нұсқада жазылуы керек. Орыс және қазақ тілінде жазылған құқықтық нормаларды салыстырмалы әдісте бақылау арқылы қателер мен қақтығыстарды анықтау жұмысы жүргізілді. Жұмысты зерттеу барысында авторлар азаматтық заңнама саласындағы нақты олқылықтар мен қайшылықтарды анықтаған, нормаларды қалыптастыруда заң техникасының ережелерін дұрыс қолданбау жағдайларын сипаттаған.

*Кілт сөздер:* заң техникасы, азаматтық заңдар, азаматтық құқық, қайшылық, құқық жүйесі, заң үстемдігі, қазақ тілі, азаматтық кодекс, қолданыстағы заң, сөздік, бірізділік.

### *Kipicne*

**Аталмыш зерттеу тақырыбының өзектілігі** еліміз тәуелсіздік тізгінін ұстағаннан бері азаматтық заңнаманың қалыптасуында заң техникасы ережелерінің дұрыс қолданылмауы салдарынан тәжірибеде түсіну мен қолдануға қатысты қиындықтардың толастамауынан туындап отыр. Қазіргі жағдайда заң шығару және құқық қолдану қызметінде заңдық рәсімдер мен заң техникасының тәсілдерін білу өте маңызды. Бұл көбінесе адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары әлеуметтік құндылық деп тануға, оларды жүзеге асыру мен қамтамасыз етуге, халықаралық құқықтың ұлттық заңнамадан басымдығын тануға, құқық пен заңды ажыратумен байланысты құқықтық түсініктегі жаңа тәсілге байланысты.

**Зерттеу мақсаты** азаматтық заңнама ережелерін қалыптастыру мен әрекет етуінде заң техникасы ережелерін сақтаудың маңыздылығын көрсетіп, шешу жолдарын ұсыну болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін мына мәселелерді ашып, нақтылау және түсіндіру **зерттеу міндеттері** болып табылады. Қолданыстағы азаматтық заңдардың пәрменділігі көбінесе ондағы заң техникасының деңгейіне, заңдық актідегі нормативтік ұйғарымдардың нақтылығына байланысты. Құқықтық нормалардың тиімділігі қабылданған заңдық актілердің сапасына байланысты, ал оған заң техникасының тиісті ережелері мен әдістері арқылы қол жеткізіледі.

**Теориядағы, әдіснамадағы, тәжірибедегі немесе зерттеу қорытындыларындағы қарама-қайшылықтар мен авторлардың әдебиеттерге шолу жасау кезіндегі көзқарасы.** Заң техникасы бойынша талаптар құқық теориясы мен әдіснамалық, нормативтік-құқықтық негіздерімен бірауыздан бекітілген болса да, әрекеттегі ҚР Азаматтық кодексіндегі біраз ережелер мәтіндерінде олар сақталмаған. Бұл заң шығарушының ойы мен ереже адресаты түсінігіндегі қайшылықтарға алып келеді.

**Зерттеудің әдіснамалық және материалдық негізі ретінде** Ю.А. Тихомиров, Н.А. Власенко, В.Б. Исаков, С.В. Кузнецов, Р. Надеев, И.В. Гойман-Калинский, Г.И. Иванец, В.И. Червонюк, В.В. Наумкина, Қадыр Мырза Әли, Ахмет Байтұрсынұлы және Е. Нақтыбайұлының еңбектері,

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tokatov77@mail.ru

сонымен қатар шетелдік және отандық ғалымдардың, ізденушілер мен тәжірибе мамандарының, заң техникасы мен тіл мәселесіне арналған мемлекеттік бағдарлама мен әрекеттегі заңнама ережелеріндегі тұжырымдар алынды.

**Зерттеу әдістері ретінде** ғылыми-теориялық, нормативтік-құқықтық актілердегі, мемлекеттік бағдарламадағы құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығына қатысты талдау, топтау, жалпылау, жүйелеу, салыстыру, индукция және дедукция қолданылды.

### *Нәтижелер*

**Авторлардың пайымдарын сипаттау және нәтижелер.** Заң техникасының жетілген тетігі болмаса, қолданыстағы ережелердің объективтілігі мен тұрақтылығын, олардың қоғамдық құндылығын қамтамасыз ету қиын. Зерттеудің нақты нәтижелері заңдық қызметтің бүкіл жүйесінің ішкі үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін заңдық шешімдер қабылдаудың барлық кезеңдерін реттейтін жақсы дамыған құқықтық тетік қажеттігін көрсету болып табылады. Зерттеу нәтижелерінде оның мақсаттары мен мәселелері барынша ашып көрсетілді.

**Қолжеткізілген нәтижелердің жаңашылдығы.** Зерттеудің қолжеткізілген ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы қарастырылған мәселе бойынша материалдар мен дәйектерді жинақтап, жүйелеп және Азаматтық кодекстегі ережелердің сапасы мен заң техникасы талаптарына сәйкестігін бірнеше баптардың мысалында тыңғылықты қарастырылуына байланысты болып отыр.

**Идеяның, тұжырымның қолданысқа ие болғандығын сипаттау (нақтылау).** Өкінішке орай, зерттеуде көрсетілген тұжырымдар, яғни әрекеттегі Азаматтық кодекстің ережелеріндегі заң техникасының нормаларының сапасын қамтамасыз ету және терминдер түсінігінің қазақ тіліндегі бірізділігі бойынша сәйкес ескертпелер мен ұсынымдар тәжірибеде қолданысқа ие болмаған.

### *Талқылау*

**Зерттеу нәтижелерін басқа жұмыстардағы ұқсас нәтижелермен салыстыру.** Заң әдебиеттерінде және ұлттық заңнамада заң техникасы ережелеріне қатысты әрараптастылық байқалмайды және теорияда заң техникасын жан-жақты қолданудың бірнеше бағыттары көрсетіледі: а) құқықшығармашылыққа жүйелі әрі жоспарлы түрде ықпал ету. Бұл арқылы заң жобасын сауатты, мұқият қалыптастыруға, заң техникасы ережелерін сақтай отырып, заңдық олқылықтардың орын алмауына мүмкіндік береді; ә) заң техникасы құқық қолдану қызметіне оң әсер етеді, яғни, оның көмегімен құқықтық ережелердің мәні мен мазмұнын дұрыс түсініп, оларға сәйкес келетін, қайшы келмейтін заңға тәуелді актілер шығаруға, оларды заңдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, азаматтар мен заңды тұлғаларды құқықтық қорғау тетігін пайдалану үшін негіз ретінде қолдануға болады; б) заң техникасы халықаралық деңгейде әртүрлі елдердің заңнамаларын жақындастыру және ортақ, келісілген құқықтық тәртіптерді енгізу тәсілі, халықаралық құқықтық ақпарат алмасу құралы ретінде қолданылады; в) заң техникасы құқықшығармашылық пен құқық қолдану негіздерін үйрету құралы ретінде қолданылады [1; 9].

**Айырмашылықтар мен ұқсастықтар туралы жазба.** Заңнаманы қалыптастыру кезінде орын алатын қателіктердің объективті және субъективті себептері болуы мүмкін. Соңғы жылдары қазақстандық құқықтық жүйеде болған елеулі өзгерістерді және солардың салдарынан орын алған ұлттық мемлекеттік-құқықтық теориясындағы олқылықтарды, тұтастай ұлттық құқықтық жүйені аз уақыт аралығында қайта қамдап, жаңғырту қажеттілігін, еліміздегі құқықтық сауаттылық пен мәдениеттің төмен деңгейін және заң шығару үрдісіндегі жетіспеушіліктерді объективті себептерге, заңдарды қарау мен қабылдау кезінде тым асығыстық жасауды, заң технологиясының бұзылуын және заң шығару үрдісін жеткіліксіз реттеуді қолданыстағы заң жобасын әзірлеудің заң шығару әдістемесін, заң шығару техникасы мен қазақ әдеби тілінің ережелерін білмеуін, заң шығару үрдісіне қатысқандардың кейбіреулерінің тәжірибеде қалыптасқан заңдарды құру рәсімдерін сақтамауын немесе елемейтін, басшылық қызметтегі адамдардың мақсатты орындау үшін жағдай мен оның себеп-салдарын зерделеместен атүсті шешімдер қабылдауын субъективті себептерге жатқызуға болады [2; 20].

Азаматтық заңнама мәтіндерінің мағынасында «заң» және «құқық» ұғымдарын теңдестіруге жол бермеу керек. Өйткені, құқықтың заңға сәйкес келмеуі — бұл оны білдіру нысандарының әртүрлілігін, құқықтық нысанның мемлекетке қатысты салыстырмалы тәуелсіздігін куәландыратын құқық ерекшелігі. Заңнама — бұл құқықты білдірудің бір түрі. Құқық идеяларына, оның табиғатына,

құндылықтары мен жеке басының басымдықтарына сай келмейтін заң (мемлекеттің өзге де нормативтік құқықтық актісі) белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылуы мүмкін, демек, бұл жағдайда ол құқық болып табылмайды [3].

Заң мен құқықты, тиісінше, «заң үстемдігі» және «құқық үстемдігі» ұғымдарын теңдестіру елдің құқықтық жүйесін дамыту жөніндегі міндеттерді заң шығару үрдісі саласына қатысты ағымдағы ұсыныстармен алмастыруға алып келеді. Заң техникасы туралы заңды қабылдау елдің құқықтық жүйесі даму серпінін жүйесіздіктен сақтап, заң шығарушы іс-әрекетінің болжамдылығын қамтамасыз етеді және ол болашақта құқықтың тұрлаусыздығын барынша азайтуға бағытталады. Мемлекет осы мақсаттарға қол жеткізуі үшін құқық ережелерінде тұлға іс-әрекетінің болашақ бейнесін ұсынуы, оған азаматтардың көзқарасын анықтауы және қажет болған жағдайда оны дер кезінде түзетуі керек. Сол арқылы құқықтық реттеудің тұрақтылығын арттыруға болады. Заң шығарушы өзі қабылдаған құқықтық ережелердің жүзеге асырылу салдарын болжауға міндетті. Құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің тұрақтылығы субъектілерінің өз мінез-құлқының салдарын болжап, құқықтық мәртебесінің өзгермейтініне сенімді болуымен байланысты.

**Нәтижелерді талдау және түсіндіру.** Әлеуметтік нормалардың негізгі мақсаты — әлеуметтік қатынастарды реттеу [4]. Азаматтық заңнаманың реттеуші әлеуетін күшейту үшін және ол әділдіктің нормативтік көрінісі болуы үшін заң мәтіні барлығымен бірдей түсінілуі керек. Осы жағдайда ғана азаматтар мемлекеттің азаматтық-құқықтық бағытын мақұлдайды, саналы түрде қабылдайды және жүзеге асырады. Осыған байланысты, азаматтық заңдарды шығару технологиясын жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды мәселе.

Қоғамды құқықтық мемлекетке айналдыруға қабылданған заңдардың санымен анықталмағаны белгілі. Ең бастысы олардың сапасы және оларға тиісті көзқарас. Осыған байланысты заң техникасы туралы құжат заң шығарушының қолданыстағы заңдарды қайта қарау, жетілдіру, сапалы жаңарту және оңтайландыру жөніндегі жұмысы үшін негіз болады. Ол сондай-ақ құқықтық ережелерді қалыптастыруға және іске асыруға қатысатын тұлғалар үшін бағдар, заңдық нормаларды түсіндіру мен құқықтық қайшылықтарды шешу үшін база болуға тиіс.

**Нәтижелерге түсініктеме беретін ғылыми тұжырымдамалар.** Заң техникасы жинақталған тәжірибеге және ғылыми негізделген ережелерге негізделуге тиіс. Озық тәжірибені де, заң шығару үрдісі мен құқық қолданудың жүйелі кемшіліктерін де бөліп көрсете отырып, құқықтық болмыстың жай-күйіне егжей-тегжейлі талдау қажет. Өкінішке орай, құқықтық ғылымның заңнаманы дамыту саласына назары жеткіліксіз. Отандық ғылыми әзірлемелер, әдетте, заңнаманың жекелеген мәселелеріне немесе заң шығару тетіктеріне байланысты жасалады. Сонымен қатар, зерттеушілер қолданыстағы заңға оның дамуы үшін толыққанды ғылыми негіз қалыптастыруға үлес қосудан гөрі түсініктеме береді немесе сынайды. Сонымен бірге, заң ғылымының ғылыми ортада жалпыға белгілі бірінші кезектегі міндеттерін шешу талап етіледі. Жаңа бағыттардың пайда болуын, салааралық институттардың дамуын, заң ғылымының болжамдық функциясын күшейтуді, құқықтағы сабақтастықты зерттеуді және т.б. ескере отырып, заңнама жүйесі туралы тұжырымдамаларды жетілдіру бағыттарындағы іргелі зерттеулер қолға алыну керек.

Мемлекеттік билік тармақтарының өкілдері де, азаматтық қоғам да құқықтық ережелерді қалыптастырудың, одан кейін оны іске асыру субъектілері болуға тиіс. Бұл ретте аталған саладағы мониторинг пен бақылау үрдістерінде қоғамдық құрылымдардың рөлі күшейтілуі керек. Бұл үрдістегі конституциялық реформалар тұрғысынан ең белсенді рөл Қазақстан Республикасының Парламентіне тиесілі. Жоғары заң шығарушы орган заңдық ережелерді қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды олардың орындылығы мен басымдылығы тұрғысынан енгізуге және бағалауға, содан кейін қабылданған заңдардың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму мақсаттарына қол жеткізуге әсер ету дәрежесіне мониторинг жүргізуі керек. Бұл ретте заң ережелері сапасының өлшемдері ретінде оны қоғамның қолдау, түсіну деңгейі және іске асырудың тиімділігі алынғаны жөн.

Заң техникасының негізгі әдістері мен құралдарына құқықтық құрылымдар мен фикциялар, сілтемелер мен ескертпелер, құқықтық анықтамалар мен ұғымдар жатады. Заң ережелерін қалыптастыруда олардың заң мәтінінде дұрыс жазылуы өте маңызды. Құқықтық ұғымдар мен терминдер нақты және анық болуы, сөздің шынайы мағынасы мәтіндік қалпына қайшы келмеуі тиіс.

Заң техникасы құқықшығармашылықтың барлық сатыларында: заң жобасының бастапқы нұсқасын әзірлеу үрдісінде, оны талқылау және қарау барысында, заңды рәсімдеу және қабылдау кезінде, оны түсіндіру және іске асыру үрдісінде пайдаланылуы керек.

Құқық жүйесін құрайтын құқықтық нормалардың бүкіл жиынтығы олардың біртұтастығын, үйлесімін және логикалық дәйектілігін талап етеді. Бұл нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың барлық кезеңдерін реттейтін заң техникасының тиімді құқықтық тетігі болған жағдайда ғана мүмкін болады. Сондықтан заң жобаларын дайындайтын және бекітетін мемлекеттік органдардың жұмысында бірыңғай тәртіп пен қажетті біркелкілікті айқындайтын заң техникасы туралы арнайы заң қабылдау орынды болып көрінеді. Мұндай заң нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен негізділігіне қойылатын ең жоғары талаптарды қамтамасыз етеді. Көрсетілген құжатты қалыптастыруды жоспарлай отырып, оның мақсаты мен міндеттерін айқындау қажет. Оларға:

- а) мемлекет пен қоғамды дамытуды құқықтық қамтамасыз ету жүйесінің жаңа кезеңін дамыту;
- ә) заңнаманы және оны іске асыру практикасын жаңғырту;
- б) құқықтық кеңістіктің бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ету;
- в) мемлекеттік институттарын нығайту;
- г) субъектілердің құқықтық ұстанымдарының ортақтығын қалыптастыруға жәрдемдесу;
- ғ) оларды реформалау жағдайында қоғамдық өмірдің барлық салаларына құқықтық ықпал етудің тиімділігін арттыру үшін негіздер қалыптастыру жатады.

*Алынған нәтижелердің шынайылығын бағалау.* Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілге байланысты мәселелерінің шешілуі, заңдық актілерінің жалпыға тең, түсінікті ұғымға толы болуы елімізді биікке көтеретін бастамалар деп айта аламыз. Қазақстан Республикасы дамыған, құқықтық мемлекет ретінде танылғанымен, әлі күнге дейін мемлекеттік тіл мәселесі дұрыс реттелмей келе жатыр. Заңгерлердің негізгі айналысатын мәселесі заңды түсіну мен түсіндіру қиындықтарымен арпалысу сияқты болып қалды. Ал арнайы құқықтық сауаты жоқ халыққа заң мәтінін түсінудің қолжетімділігі, оңтайлығы туралы айтпасақ та болады.

Ата заңымыздың 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды [5]. Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткенімізбен, әзірше еліміздегі құқықтық сана мен мәдениет, құқық түсінушілік деңгейі жеткілікті дәрежеде деп айту қиын. Адам өзін сақтай білуі үшін, өз құқықтарын білуі керек деп жар саламыз. Тек, осы құқықты үйренуге, жеңіл түсінуге жағдай толық көлемде жасалып отыр ма деген сұрақ ешкімді толғандырмайды. Құқықтану секілді пәндерді мектеп қабырғасында, мекемелерде өткізілуі талап етіледі, бірақ заңдардың мәтіндеріндегі олқылықтар сабақ жүргізетін оқытушылар үшін құқықты түсіндіру тұрғысында тығырыққа тірейді. Бұдан соң оқушылар мен студенттерде заң шығарушылардың сауаттылығы мен беделіне қатысты қандай пікірлер қалыптасатыны айтпаса да түсінікті. Бұл өскелең ұрпақтың билік басындағы аға буынға, заңға деген сеніміне сызат салары сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында атап көрсетілгендей «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі» [5]. Біз нормативтік құқықтық актілердің бірінші кезекте мемлекеттік тілде жазылуын қолдаймыз. Қазіргі заманда тілдің мемлекеттік мәртебені алып жүруі, оның толыққанды тәуелсіздігіне тікелей байланысты. Ал, тілдің тәуелсіздігі оның заман талабына сай тіршілік етудің құралы бола алатындай қабілеті мен мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Ал, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 5-бабын қарастырсақ, «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» [6] делінген. Үш тағанды тілдік жүйені дамытамыз деп жүргенімізде, тәжірибе көрсетіп отырғандай, ана тіліміздің дамуы тежеліп жатыр. Басшы бастаушы болса, халық қостаушы болады. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек», — деп, бар жүкті елге арта салмай, қолына заң шығару тізгінін ұстағандар қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оны барынша міндеттеп әрі қорғайтын заң шығарса, көпшілік қолдауына ие болар еді. Жалпы, тіл ғана емес, басқа да ұлттық құндылықтарымызды жаһанданудың теріс әсерлерінен қорғайтын біртұтас конституциялық мәртебесі бар заңды қабылдау сәті келген сияқты деген ойға қаласың. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» [7], — деп ақын Қадыр Мырза Әли бекер айтпаған. Әрине тіл еркіндігі бар, адам құқықтары да қорғалады, бірақ «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы — тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [8], — деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзін алға тарта отырып, тілімізді мықты заң аясында қорғамасақ, ақырын тосып отыра берсек, онсыз да аз халқымыз саны мен ақпараттық-технологиялық кеңістігі басым өзге тілдердің ықпалына төтеп бере алмай қала ма деп уайым етеміз.

Енді, ең басты мәселе — заң тілінің сауаттылығы, заң техникасы мәселесі туралы айтсақ, заң жобаларының басым бөлігі әуелі ресми тіл болып танылған орыс тілінде жазылып, сосын ғана қазақ

тіліне аударылатыны жасырын емес. Сол себепті қарапайым адамдардың, тіпті заңгерлердің даулы істер бойынша ақиқатты орнату барысында қиыншылыққа ұшырауы жиі кездеседі. Бұл мәселе түйткілді мәселе болып табылады. Бұл мәселенің бір ұшы заң жобаларының ең алдымен орыс тілінде жазылып, сосын қазақ тіліне аударылуында жатыр.

Қазақстан Республикасы көптен күткен тәуелсіздікті алған сәтінен бастап мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін бекіту үшін бірқатар заңдар мен реформалар қабылдады. Олардың ішінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» [9] қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасуына және ресми орындарды іс жүргізу үрдістерінің қазақ тілінде атқарылуына біршама үлес қосты. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4-бабында «Мемлекеттік тіл — мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі» [6], — деп жазылғандығын атап өтеміз. Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселенің бірі — ресми аударма ісінің бірінші мамандығы филолог, екінші мамандығы заңгер мамандарға жүктелуі. Заң мәтінімен жұмыс істейтін адамның міндетті түрде бірінші меңгерген мамандығы заңгер болуы керек. Өйткені, тәжірибе көрсетіп отырғандай, заң ережелерін арнайы заңды түсініктегі тілге аударуға келгенде білікті қазақ тілі маманының өзі сол заңның табиғатын түсіне алмай қиналады. Бұл жүйенің әлі де болса өзгеріске ұшырамауы өкінішті жайт. Заң техникасынан хабары жоқ адам қазақшаға еркін аударып немесе редакциялап қойғанымен, орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, заң шығарушының не айтпақ болғанын зерделегенде, заң шығарушының ойын, яғни ереженің мәнісін бұрмалағандығы тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Сондықтан, заң мәтінімен жұмыс істейтін аудармашы заң ережесінің мәнісін түсінетін адам, яғни заңгер болуы керек. Сонымен қатар, заң ережелерін, сөздерін түсінуде бірізділікті толық қамтамасыз ету үшін заңдардың әуелі қазақ тілінде шығарылуын және оның басқа тілдерге аударылуы кезінде ең әуелі ресми мемлекеттік тілде аудармалар жасалуын, аудармалардың түсінілуіне байланысты дау туған жағдайда, мемлекеттік тілдегі түпнұсқаға басымдық берілуін қамтамасыз ететін ережелерді заңдық тұрғыда бекіту қажет. Онда аудармашыға қойылатын талаптар мен қатаң жауапкершілігі туралы ережелер болса, бұл да заң сапаларының жақсаруына септігін тигізеді.

Қолданыстағы заңдардың қазақша нұсқасын зер сала оқысақ, оған негізінен мағыналық аударма емес, сөзбе-сөз аударма, ресми тіл емес, көркем әдебиет тілі тән екеніне көзіміз жетеді. Соның салдарынан заңның тілі әркелкі, терминдерді қолдануда бірізділік жоқ. Шынын айтқанда, қазіргі кезде заңдардың орысша нұсқасынсыз оның қазақша нұсқасын толық мәнінде дұрыс түсініп, дұрыс қолдану мүмкін емес. Кейбір сөздердің баламасының дұрыстығы күмән туғызса, кейбір сөздердің аудармасы, тіпті құлаққа оғаш естіледі. Мәселен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасын зер сала оқысақ, онда сөздердің қазіргі жазылу емлесін ескермеу, құқықтық мағынасынан гөрі көркем әдебиеттік сипаты басым сөздерді қолдану, стильдік үйлесімділіктің болмауы орын алған. ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінде «интеллектуальная собственность» термині үш түрлі аударылған: «интеллектуалдық меншік», «санаткерлік меншік», «зияткерлік меншік» — бұл орысша мәтіндегі бір сөздің екі, үш сөзбен аударылуы.

ҚР Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) 406-баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес, орысша мәтіндегі «законодательные акты» деген сөздер түрліше аударылған, бір жерде «заң актілері», ал екінші бір жерде «заңдық актілер» деп берілген. Осы сөздердің мағынасы бірдей болғанымен, бірізділікті сақтау мақсатында Кодекстің толық мәтіні бойынша «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 7-тармақшасына сәйкес «заңдық акт» деп қолданылған орынды болар еді деп санайды мамандар. Сондай-ақ, «положения» және «правила» деген сөздер қазақ тіліндегі редакциясында «ережелер» деп бір сөзбен берілген. Алайда, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес «положение» — «ереже», ал «правила» — «қағида» деп аударылады [10].

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетілген, ал сол баптың 3-тармақшасында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» [11] делінген. Ал, бұл талаптардың қолданыстағы заңдарда сақталмауына көптеген дәйектер бар. ҚР Азаматтық кодексінің 236-бабы «Жанадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуы» [12] деп аталған. Ал, кодекстің орысша мәтінде «Возникновение права собственности на вновь создаваемое недвижимое имущество» [13] делінген. Бұл жердегі «жасалып» деген сөз тіркесін орынсыз деп санаймыз, себебі орыс тілінен

«вновь создаваемое» сөзі «қайта жасалынған» немесе «қайтадан жаңадан жасалған» деп аударылуы тиіс, ал сол баптың ішінде бұл түсінік «тұрғызылған» деп тағы басқа сөзбен жазылады. Бұл жерде заңшығарушы жаңадан жасалған мен қайтадан жаңартылып жасалғанның айырмашылығын ажырата алмағаны ма?

Бұл жерде айта кететін болсақ, Азаматтық Кодекстің 117, 216, 236, 240, 242, 247, 249, 255, 281, 299, 309 және 319-баптарының мәтіндеріне назар аударсақ, «недвижимое имущество», «движимое имущество» сөздері бірінесе «жылжымайтын» және «жылжымалы мүлік», бірінесе «қозғалмайтын мүлік», «қозғалмалы мүлік» деп аударылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 125-бабында «ерекше құқығы» деп аударылыпты, оны «айрықша құқық» деп ауыстыру мәні жағынан дұрыс болар еді. Сонымен қатар, 516-бап. «Қайырмалдық» [12] деген атаумен орналасқан, ал орысша нұсқасында «Пожертвования» [13] деп жазылған. «Қайырмалдық» сөзінің орнына «қайырымдылық» деп ауыстырса, айтуға да, түсінуге де ыңғайлы болар еді.

Енді, құқықтық қатынастың бірден бір маңызды деген терминіне келер болсақ, Азаматтық кодекстің 39-бабы «Заңды тұлғаның тұрған жері» [12] «Место нахождения юридического лица» [13] деп айтылған. «Заңды тұлғаның орналасқан жері» сөйлем толыққанды баптың мәнін ашатындықтан, бапты қарастыру барысында әр адам әр қилы ойға берілмес үшін бұл баптың мәтінін сәйкесінше өзгерткен жөн.

### *Қорытынды*

**Талқылауда түсіндірілген нәтижелерді жүйелеу.** Бұл жерде біріздендіру мәселесі, яғни ресми түрде қабылданған бірыңғай терминологиялық сөздікпен нақты аудармаларды бекіту жолымен бұл мәселелерді шешуге болады. Сондықтан да, нақты ресми біріздендірілген (унификацияланған) заң терминдерінің сөздігін құрастырып, заңдық күші бар нормативтік құқықтық акт формасында бекіту мәселесі өзекті болып тұр.

Елімізде орыс тілінің ресми тіл ретінде бекітілуіне байланысты, заңдар да екі тілде шығарылады. Олардың өз ішіндегі сөз ұғымдарының әртүрлі түсінуге болатындығын былай қойғанда, екі тілдегі нұсқаларының қайшы келуі жағдайында қайсы басым тұратындығы анық көрсетілуі маңызды. Мұндай ереже, ҚР Азаматтық кодексінде де жоқ. Тіптен мемлекеттік тілде жазылған нұсқасының басым болатындығы жайында бір де бір сөз айтылмаған. Бірақ, соттық істердің елеулі бөлігі осы азаматтық заңнама ережелерін өмірде жүзеге асыруға байланысты өтетіндігін ескерсек, төмендегі жайтты айта кетуге болады.

Осы күнге дейін заң жобаларының 90 %-ан астамын әзірлейтін Үкімет бір де бір жобаны ана тілімізде дайындамапты. Бүкіл күш пен қаржы қолында десек те, Үкіметтің осы күнге дейін аталмыш мәселеге жеткілікті көңіл бөлмеуі түсінбестік туғызады. Сондықтан да Үкіметіміз бұл мәселені алдағы уақытта мықтап ойлануға тиіс. Жалпы тәуелсіздіктің жиырма тоғыз жылында екі заң ғана қазақ тілінде дайындалған. Олар — 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» және 2002 жылғы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы. Әрине бұған жыл сайын жаңадан заң жазылып жатпағанын, қабылданған заң жобаларының тек өзгерістер мен толықтырулар екенін алға тартып, уәж айтуға болар. Дегенмен, түзетулер енгізіліп жатқан заң жобаларының өзі әлі күнге дейін орыс тілінде дайындалуда [14].

**Нәтижелерді қысқаша сипаттау (ең бастысы).** Қорытып айтар болсақ, жоғарыда атап өткендей қазақ тілінің беделін көтере отырып, Азаматтық кодекстің сапасын заң техникасына сай қамтамасыз ету керек. Бұл үшін ең алдымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 2-тармақшасында көрсетілген: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген ережені алып тастау керек деп ұсыныс жасағымыз келеді. Себебі, екі тілдің теңдігі қазақ тілін кең қолдануға қайшылық келтіреді, қазақ тілі басым болмай, жоғарыда көрсеткен мәселелер өзгермейді. Мысалы, мемлекеттік мекемелердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құжаттары орыс тілінде жазылып, жұмыс барысы орыс тілінде өткізіледі. Біздің ойымызша, бұл бап қажет болған жағдайда орыс тілінің қолдану аясын бекітетін бап. Бірақ қазіргі таңда бәрі керісінше орын алып жатыр. Сондықтан бұл баптағы 2-тармақшаны алып тастауға негіздер бар деп ойлаймыз. Егер мұндай мәселенің шешілу ауылы алыс болса заңды қабылдаушы, қалыптастырушы мемлекеттік органдарға жұмысқа қабылдау барысында мамандардың қазақ тілін жетік меңгерген мамандарды қабылдайтын нақты құқықтық акт әзірлеу керек.

Сонымен қатар, біріздендірілген заңдық терминологиялық сөздік енгізуді ұсынамыз. Бұл сөздік арқылы заң саласындағы арнаулы анықтамалардың, ережелердің мағынасын, аудармасының түп нұсқасындағы мазмұнын қарай аламыз. Терминологиялық сөздікке біздің заңдық актілерде көрсетілген негізгі терминдерді қазақша нұсқада жаза аламыз. Әрине, заңдық терминологиялық сөздіктер өте көп, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сөздіктер жоқтың қасы. Бұл сөздікті құра отырып, қарым-қатынасқа түсіп отырған тұлғалар, лауазымды адамдар, оқытушылар мен оқушылар өзіне қажетті ақпаратты тез, әрі түсінікті формада қабылдайтындығына толықтай сенімдіміз. Мысалы, қатынасқа түсіп отырған тұлғалар арасында заңдық актілерді түсінбеуі жағдайында, қалай және қайдан ақпарат аламыз деген сұрақтар жиі кездеседі. Біріздендірілген терминологиялық сөздікті өзіне қажетті ақпаратты таба алатындай деңгейде ұйымдастыруымыз қажет.

**Зерттеудің қолдану аумақтарын, тәжірибелік және ғылыми құндылығын сипаттау.** Заң техникасы құқықтық актілерді ішінара дамытудың және олардың ресми қасиеттеріне ие болуының маңызды факторы болып табылады. Оның бұл маңызы ұлттық заңнаманы дамытуға уақыт сайын жаңғыртып, жетілдіре түсу талаптарын орындау жағдайындағы құқықшығармашылық қарқынының үдеуінен арта түспесе, кемімек емес. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы бұл зерттеудің материалдарын заңгер оқытушылар, студенттер мен ізденушілер, тікелей тәжірибиемен айналысатын заң аясы мамандары өз тәжірибелерінде қолдана алатындығында. Сонымен қатар, зерттеу дәйектері мен нәтижелері, ұсыныстары заң шығармашылығын жетілдіру тәжірибесіне де оң үлесін қосары сөзсіз.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № АР09259787).*

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Апт Л.Ф. Законодательная техника: науч.-практ. пос. / Л.Ф. Апт, Н.А. Власенко, В.Б. Исаков, С.В. Кузнецов и др.; под ред. Ю.А. Тихомирова. — М.: Городец, 2000. — 272 с.
- 2 Надеев Р. Законотворческие ошибки / Р. Надеев // Российская юстиция. — 2001. — № 5. — С. 20–22.
- 3 Гойман-Калинский И.В. Элементарные начала общей теории права: учеб. пос. / И.В. Гойман-Калинский, Г.И. Иванец, В.И. Червонюк; под общ. ред. В.И. Червонюка. — М.: Колос, 2003. — 544 с. [Электронный ресурс] URL: <http://lib.lawinstitut.ru/virtualexposition/newbooks/59-075896.pdf>.
- 4 Наумкина В.В. Обычай как источник права / В.В. Наумкина. — Красноярск: Изд-во Краснояр. гос. аграр. ун-та, 2006. — 136 с. — [Электронный ресурс] URL: <https://sci-lib.biz/gosudarstva-prava-teoriya/sotsialnyie-regulyatoryi-71879.html>.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_).
- 6 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_).
- 7 Қадыр Мырза Әли. Ана тілің — арың бұл [Электрондық ресурс] / Қадыр Мырза Әли. Қолжетімділік тәртібі: URL: [https://www.zharar.com/kz/olen/8733-ana\\_til.html](https://www.zharar.com/kz/olen/8733-ana_til.html).
- 8 Ахмет Байтұрсынұлы. [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: URL: <https://www.zharar.com/kz/quote/35320-ahmet.html>.
- 9 «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011—2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысы. [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401>.
- 10 Заңдарды мемлекеттік тілге аудару сапасына қатысты өзекті мәселелер. [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі URL: <https://www.zakon.kz/4622235-za1187dardy-memlekettk-tlge-audaru.html>.
- 11 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/480\\_1.htm](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/480_1.htm).
- 12 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_).
- 13 Гражданский кодекс Республики Казахстан. Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 г. № 268-ХІІІ. — [Электронный ресурс]. Режим доступа URL: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_).
- 14 Нақтыбайұлы Е. Мемлекеттік органдар рейтингіне қазақ тілінде құжат дайындау сапасы кіруі мүмкін [Электрондық ресурс] / Е. Нақтыбайұлы. Қолжетімділік тәртібі: URL: <https://inbusiness.kz/kz/news/ukimet-28-zhylda-bir-de-bir-zandy-kazaksha-dajyndaman>.

Р.А. Тоқатов, Н.К. Оралбаев

## **О соблюдении правил юридической техники в Гражданском кодексе Республики Казахстан**

Цель исследования — показать важность соблюдения правил юридической техники в формировании и действии положений гражданского законодательства и предложить пути решения. В качестве методов исследования использовались анализ, группировка, обобщение, систематизация, сравнение, индукция и дедукция, относящиеся к совокупности способов, требований и правил оформления правовых актов в соответствующих научно-теоретических, нормативно-правовых актах, государственной программе. В целях повышения престижа казахского языка в законотворческой практике в государственных организациях и органах местного самоуправления предложено исключить положение о том, что русский язык официально используется наравне с казахским, кроме того, ввести унифицированный юридический терминологический словарь. Через словарь авторы попытались передать смысл специальных определений, положений в области права, содержание перевода в первоисточнике. В терминологическом словаре должны содержаться основные термины, указанные в наших законодательных актах в казахском варианте. Проведена работа по выявлению ошибок и конфликтов с помощью контроля в сопоставительном методе правовых норм, изложенных на русском и казахском языках. В ходе исследования авторами выявлены реальные пробелы и противоречия в сфере гражданского законодательства, описаны случаи неправильного применения правил юридической техники при формировании норм.

*Ключевые слова:* юридическая техника, гражданское законодательство, гражданское право, противоречие, система права, верховенство закона, казахский язык, гражданский кодекс, действующее право, словарь, последовательность.

R.A. Tokatov, N.K. Oralbayev

## **On compliance with the rules of legal technology in the Civil Code of the Republic of Kazakhstan**

The most important sign of the independence of the state is its language and centuries-old national culture. The sovereignty of the country is inextricably linked with the language, mentality and religion of the people. If the problem of the native language loses its place in public relations in the state, then the state and national security may remain without a future. In this regard, the place and importance of the Kazakh language in the legal sphere is one of the most reasonable questions. What will be the future of the country if we regulate public relations with illiterate or translated laws? As a scientific method in the article the methods of combining legal techniques and theoretical methods from the abstract to the concrete were used. The object of the study is carried out in accordance with civil legislation in the form of applying research methods and comparing mistakes made in the adoption and translation of specific legal norms in force. The work on identifying errors and conflicts was carried out by means of control in the comparative method of the norms set out in the Russian and Kazakh languages. In the course of the research work, real gaps and contradictions in the field of civil legislation are identified, cases of incorrect application of the rules of legal technology in the formation of norms are described.

*Keywords:* legal technique, civil legislation, civil law, contradiction, system of law, rule of law, Kazakh language, civil code, current law, dictionary, sequence.

### References

- 1 Apt, L.F., Vlasenko, N.A., Isakov, V.B., & Kuznesov, S.V. Yu.A. Tikhomirov et al. (Ed.). (2000). *Zakonodatelnaia tekhnika* [Legislative technique]. Moscow: Gorodets [in Russian].
- 2 Nadeev, R. (2001). *Zakonotvorcheskie oshibki* [Legislative mistakes] // *Rossiskaia yustitsia* — Russian Justice System. Moscow: Yuridicheskaya literatura [in Russian].
- 3 Goiman-Kalinski, I.V., Ivanets, G.I., & Chervoniuk, V.I. V.I. Chervonuk (Ed.). (2003). *Elementarnye nachala obshchei teorii prava: uchebnoe posobie* [Elementary principles of the general theory of law]. Moscow: Kolos. Retrieved from URL: <http://lib.lawinstitut.ru/ru/virtualexposition/newbooks/59-075896.pdf> [in Russian].
- 4 Naumkina, V.V. (2006). *Obychai kak istochnik prava* [Custom as a source of law]. Krasnoyarsk: Izdatelstvo Krasnoyarskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. Retrieved from URL: <https://sci-lib.biz/gosudarstva-prava-teoriya/sotsialnyie-regulyatoryi-71879.html> [in Russian].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy. Konstitutsiia 1995 zhylygy 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy [Constitution of the Republic of Kazakhstan. The Constitution was adopted in a republican referendum on August 30, 1995]. Retrieved from URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) [in Kazakh].



6 «Qazaqstan Respublikasyndagy til turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 1997 zhylygy 11 shildedegi No 151 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 11, 1997 No 151 «On languages in the Republic of Kazakhstan»]. Retrieved from URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_) [in Kazakh].

7 Qadyr Myrza Ali. Ana tilin — aryn bul [This is your native language]. Retrieved from URL: [https://www.zharar.com/kz/olen/8733-ana\\_til.html](https://www.zharar.com/kz/olen/8733-ana_til.html) [in Kazakh].

8 Ahmet Baitursynuly. [Elektrondyq resurs]. URL: <https://www.zharar.com/kz/quote/35320-ahmet.html> [in Kazakh].

9 «Qazaqstan Respublikasynda tilderdi damytu men qoldanudyn 2011—2019 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы тuraly» Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2018 zhylygy 2 shildedegi No 401 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated July 2, 2018 No. 401 «On the state program for the development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011—2019»]. Retrieved from URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401> [in Kazakh].

10 Zandardy memlekettik tilge audaru sapasyna qatysty ozekti maseleler [Current issues related to the quality of translation of laws into the state language]. Retrieved from URL: <https://www.zakon.kz/4622235-za1187dardy-memlekettik-tilge-audaru.html> [in Kazakh].

11 «Quyqytyq aktiler turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany. 2016 zhylygy 6 sauirdegi N 480-V QRZ [Law of the Republic of Kazakhstan «On legal acts». Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016, No 480 V]. Retrieved from URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/480\\_1.htm](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/480_1.htm) [in Kazakh].

12 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq Kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi 1994 zhylygy 27 zheltoqsandagy No. 268-XIII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan. No 268-XIII of December 27, 1994]. Retrieved from URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_) [in Kazakh].

13 Grazhdanskii kodeks Respubliki Kazakhstan. Kodeks Respubliki Kazakhstan ot 27 dekabria 1994 g. No. 268-XIII [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Code of the Republic of Kazakhstan. No 268-XIII of December 27, 1994]. Retrieved from URL: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_) [in Russian].

14 Naqtybaiuly, E. Memlekettik organdar reitingine qazaq tilinde qzhat daiyndau sapasy kirui mumkin [The rating of state bodies may include the quality of document preparation in the Kazakh language]. Retrieved from URL: <https://inbusiness.kz/kz/news/ukimet-28-zhylda-bir-de-bir-zandy-kazaksha-dajyndamagan> [in Kazakh].